

**Тақырыбы:** «Алтын күз әсем айналам, Еліме береке сыйлаған!»

**Мақсаты:** Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Мерекелік көңіл – күй орнату.

Балаларды ән салуға, би билеуге, түрлі іс — әрекеттерге тарту, бейімділіктерін арттыру.

Шығармашылық ой — қиялдарының дамуына ықпал ету. Ата — аналар қауымымен тығыз қарым – қатынас қалыптастыру.

**Жүргізуші:** Армысыздар, халайық,  
Бармысыздар, халайық!  
Күзгі тойды жұп жазбай,  
Бірге қарсы алайық!

Сәлеметсіздерме, құрметті ата — аналар, қонақтар! Бүгінгі біздің «Алтын күз әсем айналам, Еліме береке сыйлаған!» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! Ортаға ересек «Аққу» тобының бүлдіршіндерін шақырып қошеметпен қарсы алайық!

(Әдемі сазды әуен ойналып тұрады. Балалар әуен ырғағымен «Алтын күз» биін орындап өз орындықтарына жайғасады.)

**Жүргізуші: (Сұрақ - жауап)**

1. Қазір жылдың қай мезгілі?
  2. Күз айларын ата?
  3. Күз айларында қандай мерекелер бар?
  4. Күз айларында табиғатта қандай өзгерістер болады?
  5. Күзде нелер пісіп жетіледі?
  6. Адамдар күз мезгілінде қандай жұмыстар атқарады?
  7. Жануарлар тіршілігі туралы не білеміз?
- Өсімдікті бұтақтан көбейту жолдары туралы түсінік беремін.

**Ән:** «Жау-жау жаңбыр» орындайтын **Бекмұрат Айша**

**Бағбаншы: кіреді.**

**Жүргізуші:** Сіз кімсіз? Қайдан келдіңіз?

**Бағбаншы:** Бақша, бақты күтетін бағбаншымын. Балаларды мейрамымен құттықтауға келдім. Ал сендер неге жалғызсыңдар? Күз ханшайымы қайда?

**Жүргізуші:** Біз сізбен келеді деп ойладық.

**Бағбаншы:** Мен күз ханшайымын көрген жоқпын, ол орманда жүрген шығар.

**Жүргізуші:** Келіп қалатын шығар тосайық, оған дейін ортаға балалар шығып тақпақтарын айта берсін.

**Мадина:**

Күзде дала жаурайды,  
Көкте бұлттар аунайды.  
Бұтағынан үзіліп,  
Жапырақтар саулайды.

**Мейірбек:**

Құстар қайтты ән салып,  
Бұлт шарлады аспанды.  
Қыс келеді жар салып,  
Күзгі суық басталды.

**Гүлсезім:**

Сап-сары маңай,  
Сап-сары тоғай  
Соңғы әнін айтып,  
Күз келді қайтіп.

**Әліби:**

Желмен-жетті алтын күз,  
Жеміс жинау салтымыз.  
Жиып-теріп болған соң,  
Той жасайды халқымыз.

**Зере:**

Көк майсалы көрікті,  
Алқаптағы көп егін.  
Бұл күндері ккрікті  
Сары жібек көйлегін.

**Бағбаншы:** Балалар, сендердің күзгі бақтарың қандай керемет, тап-таза менің көңілім көтеріліп қалды, мен сендермен бір ойын ойнағым келіп тұр, ойнайсыңдар ма.

**Ойын:** «Алтын күз» (Музыка әуенімен балалар билейді)

**Жүргізуші:** Жарайсыңдар балалар бір тынығып алдық. Балалар «Алтын күз» мерекесіне жиналды. Бірақ бізде күз ханшайымы жетіспейді.

(Сықырлы әуен ойнайды. Балалар тыңдайды. «Күз ханшайымы» кіріп келеді.)

**Күз ханшайымы:** Сәлеметсіңдерме, балалар!

**Балалар:** Сәлеметсізбе, «Күз ханшайымы»

**Күз ханшайымы:** Береке бақ дарыған,  
Жомарт көңіл жарқын күз.  
Сары алтынға малынған,  
Мен Күз ханшайымымын,  
Сендерді көргеніме өте қуаныштымын!

— Баршаңызды алтын күз мерекесімен құттықтаймыз! Күз бақыт, береке әкелсің!

**Күз ханшайымы:** Балалар, сендер менің күз мезгілі екенімді қайдан біліп қойдыңдар?

**Балалар:** Сары жапырақтарыңыздан.

**Жүргізуші:** — Қош келдіңіз, «Күз ханшайымы», төрлетіңіз! Бүгінгі мерекеміздің қонағы бол, балалардың өнерін тамашалайық.

**Жүргізуші:** Балалардың дайындаған тақпақтарың тыңдаңыз:

**Айша:**

Қарашы күз келді, күз келді.  
Жапырақ жауып іздерді.  
Қыс біткен керуен тізеді,  
Қара бұлт қабағын түйеді.

**Айдын:**

Көрініп еліме,  
Күндері мереке.  
Келді ғой жеріме,  
Ккз дейтін мереке.

**Айзере:**

Келді міне күз,  
Айнала сары түс.  
Керемет, тамаша.  
Қандай әсем күз.

**Бақтияр:**

Алтын, сары, қызыл, көк.  
Алуан-алуан жапырақ.  
Күзгі бақта күлімдеп,  
Көз тартады атырап.

**Күз ханшайымы:** Балалар, менің сендермен би билегім келіп тұр.

**Би:** «Жапырақтар» (Күз ханшайымымен би)

**Жүргізуші:** Балалардың дайындаған тақпақтарың тыңдаңыз:

**Жанерке:**

Сап-сары ғып даланы,  
Бояпты ғой күз деген.  
Құстар қанат қағады,  
Қоштасқандай бізбенен

**Исламбек:**

Күзім-ау, күзім-ау.  
Мінезің бұзық –ау.

Жаңбырың сіркіреп,  
Келгенің қызық-ау.

**Нұрай:**

Берекесін сыйлауға,  
Өлкемізге күз келді.  
Жемістерін жинауға,  
Шақырады біздерді.

**Асхат:**

Алақай! Алақай!  
Шаттанды балақай.  
Күз түсті, дән пісті,  
Айтамыз алғысты

**Би: «Сикырлы бақ» (топпен би)**

**Алихан:**

Қамба толды астыққа,  
Алғыс саған Алтын күз.  
Бір қап дән шаштық та,  
Қап-қап қауын алдық біз.

**Еркеназ:**

Ән салындар күліңдер,  
Жайнап гүлдей жүріңдер.  
Күздің тойын тойлайық,  
Би билейік ойнайық.

**Өркен:**

Жемәстә мол теретін,  
Күз дос екен бізбенен.  
Бәрін тауып беретін,  
Жомарт екен күз деген.

**Әмина:**

Ой балалар, балалар,  
Қоңырқай күз болыпты.  
Құрап жапырақ салыпты,  
Ел егінін орыпты.

**Қарақат:**

Жапырақ ұшты,  
Суық та түсті.  
Сонда да бізге,  
Қызық күн күзде.

**Нұрайым:**

Күздің қазан айында,  
Алма, алмұрт піседі.  
Жапырақтар сарғайып,  
Сыбдыр-сыбдыр етеді.

**Хор : «Алтын күз»**

**Күз ханшайымы:** Қандай керемет шеттеріңнен өнерлі екенсіңдер Ендеше мені басқа балалар тосып отыр. Сау болыңдар балалар! (**Күз, бағбаншы жылы лебіздерін білдіріп кетеді**)

**Балалар:** Күз ханшайымымен қоштасады.

**Жүргізуші:** Осымен «Аққу» тобының «Алтын күз әсем айналам, Еліме береке сыйлаған!» атты ертеңгілігі аяқталды. Күзге айтарымыз берер сыйы жылдан жылға көп болсын. Елімізде тыныштық, береке болсын!



